



Бүркіт НҰРМАҒАМБЕТОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының Әлеуметтік-гуманитар-
лық пәндер кафедрасының меңгерушісі, аға әділет кеңесшісі, саяси
ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ «ПЕДАГОГ КЕҢЕСТЕРІ» АТТЫ КІТАП ШЫҒАРДЫ

Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

Ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбие берудің маңызы ерекше.

Отбасындағы тәрбиенің басы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі.

Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Әке ұлын батылдыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа өз тәжірибесі арқылы үйретіп, талпынуға тәрбиелеуі керек.

Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады.

Өзіндік педагогикалық білімін толықтырып отыру, басқа ата-аналардың тәжірибелерінің жағымды жақтарын қолдану, мектеп пен мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеуді қолға алу, ата-аналарға арналған өзіндік дәрістерді тыңдау, әдебиеттерді оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, егер Сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

Баланың ішкі жан дүниесімен, сезімдерімен санаспаймыз. Баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, өзіне тән өмірі бар екенін ескермегендіктен, уақыт өте келе «тәрбие жүйеміз» сыр бере бастайды. Қоғамда жиі айтылатын «бала ғой, не түсінеді дейсің?» секілді сөздер жоғарыда айтып



өткен пікірімді дәлелдей түсері анық. Баламыздың ішкі жан дүниесіне көңіл бөлмегендіктен, сезімдері жараланып, бізбен байланысы әлсірей бастайды. Яғни, балаларымыз қоғамда қалыптасқан қате ұғымдардың құрбанына айналып жатады. Негізінде, біз дұрыс деп ойлайтын, бірақ педагогикалық тұрғыдан, баланың сезімдері тұрғысынан бұрыс болып есептелетін әрекеттер, түсініктер баршылық. Сол қате ұғымдардың ара-жігін ажыратып, педагогикаға сай, дұрыс тәрбие жүйемізді қалыптастыра алуымыз үшін «жаттанды» ата-ана түсінігінен бас тартып, саналы түрде ата-ана бола алу «өнерін» игеруіміз қажет. Бұл өнерді игеру үшін барлық мүмкіндікті толық қолдануымыз керек. Ең бастысы, ауруымызды жасырмай, ем іздеп, шара қолданғанымыз жөн. Тіпті, «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы ұстансақ нұр үстіне нұр болар еді. Дегенмен де, ата-ана бола алу өнерін тек қана өзіңіз игеруіңіз немесе тек қана өз балаңызды керемет қылып тәрбиелеуіңіз жеткіліксіз. Өйткені, біз өмір сүріп жатқан қоғам мен сол қоғамның адамдары да өте маңызды, олармен де санасуымыз керек. Оларды да ата-ана бола алу өнерін игеруге және баласын ұлттық құндылықта-

рымызбен тәрбиелеуге шақыруымыз қажет. Сондықтан да, бала тәрбиесіне байланысты қандай да бір керемет қазына тапсаңыз, оны дереу айналаңыздағылармен, таныс-туыстарыңызбен бөліскеніңіз жөн. Мүмкіндік болса, оларды да ізденіске, саналы әрекетке баулығаныңыз жөн.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қызметкерлерімен «Педагог кеңестері» атты кітап басып шығарылды. Кітаптің жалпы редакциясын басқарған Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және кәсіби деңгейді арттыру Институтының директоры Нұрлан Даниев. Авторлық ұжым мүшелері Ернар Бегалиев, Бүркіт Нұрмағамбетов, Бауыржан Есімсейтов және Зарина Қалмурзина.

«Педагог кеңестері» атты кітап авторларының пікірі бойынша «кітап бала тәрбиесінің барлық жақтарын қамтиды, оқи отырып, өзіне қажетті жаңа және бағалы ақпарат алады. Онда берілген кез-келген кеңес ата-аналарға, әр жастағы балаларға, жалпы қызмет барысында бала тәрбиесімен айналысып жүрген педагогтар үшін пайдалы».

Кітапта ата-аналардың өз балаларымен қарым-қатынасының, сонымен қатар атақты педагогтардың, психологтардың, көрнекті қоғам қайраткерлерінің үздік әдістемелері жинақталған. Кітаптың негізгі айтары – ата-аналардың балалармен дұрыс қарым-қатынасы адамның барлық өміріндегі жетістіктерінің негізі болып табылады. Балаларға дұрыс тәрбие беру арқылы, ата-аналар оларға психологиялық қалыпты жағдай ғана жасап қоймай, қоғамда өз жолдарын адаспай табуларына және әлемде зорлық пен қамығуды білмей өсулеріне көмектесетіндігін баса айтады.

Балалар білімді қызықты және негізгі іс деп есептеуі, мектеп қабырғасынан үлкен өмірге дайын болуы үшін: өздеріне сенімді, қарым-қатынасқа бейім, шығармашыл, өздерін қорғай білетін және басқа адамдарға құрметпен қарауы үшін не істеу керек? Баланың оқуға деген құлшынысының жойылмауы үшін ата-аналар не істей алады? Осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауапты жинақтан табуға болады.

Сонымен қатар баланы өзіне қалай жақындатуға, оның сеніміне ие болу, өз көзқарасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстану туралы кеңестер және т.б. ата-аналар жиі ұшырасатын нақты проблемаларды шешу бойынша қадамды кеңестер берілген.

Кітаптің қосымшасында қазіргі қоғамға лайықты азаматтың қалыптасуында оқырмандарға өзіндік даму, тәрбие, білімге қатысты сұрақтарды шешуде көмектесетін мәтіндер, қанатты сөздер және шетелдегі бала тәрбиесінің озық үлгілері берілген.

Кітаптағы кеңестерді іске асырып, өміріміздің бір бөлігіне айналдыра алсақ, балаларымыздың болашағы жарқын болады деп сенемін.